


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(9)2025



ӘОЖ 069.01

МУЗЕЙ БАСШЫЛАРЫН ТАҒАЙЫНДАУДАҒЫ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ *Н. Жолбарыс*

ҚР Мемлекеттік орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада Батыс Еуропа елдеріндегі музейлердің Қамқоршылық кеңестері мен Шығыс Еуропа, Орталық Азия елдерінің мәдениет саласындағы уәкілетті органдарының музейді басқарушы кадрларды тағайындау тәжірибесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – отандық музейлердің басшы кадрларын іріктеуге, тағайындауға заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу. Оң нәтиже берген тәжірибе ретінде Ұлыбритания музейлеріндегі Қамқоршылық кеңестердің рөлі және Ресей, Өзбекстан елдерінде музей басшылары концепциялар конкурсы арқылы іріктеліп, музей директоры ретінде тағайындалғаны мысалға алынған.

Заманауи музей ісінде музейді басқарудың батысеуропалық үлгісі озық болып саналады. Музей басшысын концепциялар конкурсы нәтижесінде тағайындау – конкурстық рәсімдердегі ашықтықты қамтамасыз етіп қана қоймай, музейлердің даму бағдарын анықтауда және стратегиялық мақсатқа жетуде зор ықпалын тигізеді. Қазақстан музейлеріне осындай тәжірибені енгізу арқылы отандық музейлерді басқарушы кадрлардың жаңа буынын қалыптастыруға болады.

Бұл тәжірибені қолдану үшін мәдениет саласына қатысты кейбір нормативтік-құқықтық актілерге толықтыру немесе өзгерістер енгізу қажеттігі туындауы мүмкін. Осыны ескере отырып, мақалада Қазақстан музейлеріне басшы кадрларды іріктеуге, тағайындауға арналған нормативтік-құқықтық актілерге шолу жасалып, зерттеу мақсатына жету үшін ұсыныстар берілген. Ұсыныстар негізінен заңға тәуелді актілерге ғана қатысты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Деректер базасы ретінде шетелдік музейлердің басшы лауазымына үміткерлердің концепциялары, музей менеджментіне арналған басылымдар, музейлердің интернет ресурстарындағы материалдар, Қазақстанның мәдениет саласындағы нормативтік-құқықтық актілері мен музей басшыларының қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мәліметтер пайдаланылды. Зерттеу әдістері ретінде бақылау, салыстыру әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: Қазақстан музейлері, музей, музей менеджменті, басқару ісі, Қамқоршылық кеңес, концепциялар конкурсы, музей

Сілтеме жасау үшін: Жолбарыс Н. Музей басшыларын тағайындаудағы шетел тәжірибелері // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 109-117 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.13

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ НАЗНАЧЕНИЯ РУКОВОДИТЕЛЕЙ МУЗЕЕВ *Н. Жолбарыс*

Центральный государственный музей Республики Казахстан (Казахстан)

Аннотация. В статье исследуется практика назначения руководящих кадров в музеях Западной Европы через попечительские советы, а также в странах Восточной Европы и Центральной Азии посредством уполномоченных органов в сфере культуры. Целью исследования является внедрение современных методов отбора и назначения руководителей в отечественные музеи. В качестве примера успешной практики рассмотрены функции попечительских советов в музеях Великобритании и процесс проведения конкурсов концепций для выбора руководителей музеев в России и Узбекистане, по результатам которых назначаются директора музеев.

Современная музейная практика свидетельствует о том, что западноевропейская модель управления музеем признана передовой. Назначение директора музея через конкурс концепций не только гарантирует прозрачность конкурсных процедур, но и оказывает значительное влияние на выработку стратегии развития музеев и достижение их долгосрочных целей. Применение аналогичного подхода в музеях Казахстана может способствовать формированию нового поколения квалифицированных управленцев в отечественной музейной отрасли.

Для внедрения этого опыта может возникнуть необходимость внесения изменений в действующие нормативно-правовые акты, регулирующие сферу культуры. В связи с этим, в статье представлен обзор актуальных законодательных и нормативных документов, касающихся отбора и назначения руководящих кадров в музеях Казахстана, а также предложены рекомендации по оптимизации данного процесса.

Материалы и методы исследования. В качестве базы данных использовались концептуальные проекты кандидатов на должность руководителя музея, публикации по музейному менеджменту, материалы официальных интернет-ресурсов музеев, нормативно-правовые акты в области культуры Казахстана, а также информация о деятельности музейных руководителей, опубликованная в средствах массовой информации. Методы исследования включают наблюдение и метод сравнительного анализа.

Ключевые слова: музеи Казахстана, музей, музейный менеджмент, управление, попечительский совет, конкурс концепций, директор музея.

Для цитирования: Жолбарыс Н. Зарубежный опыт назначения руководителей музеев // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 109-117. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.13

FOREIGN EXPERIENCE OF APPOINTING MUSEUM HEADS

N. Zholbarys

Central State Museum of the Republic Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. This article explores the practice of appointing museum leadership in Western Europe through boards of trustees, as well as in Eastern European and Central Asian countries through authorized cultural institutions. The aim of the research is to implement modern methods of selecting and appointing museum directors in domestic museums. Successful practices are exemplified by the role of boards of trustees in museums in the United Kingdom and the concept competition process for selecting museum leaders in Russia and Uzbekistan, the results of which lead to the appointment of museum directors.

Contemporary museum practices indicate that the Western European model of museum management is considered advanced. Appointing a museum director through a concept competition not only ensures transparency in the selection process but also significantly influences the development strategy of museums and the achievement of their long-term objectives. Adopting a similar approach in Kazakhstan's museums could contribute to the formation of a new generation of skilled museum managers within the domestic museum sector.

The implementation of this approach may require changes to existing regulations and legal frameworks governing the cultural sector. Therefore, the article provides an overview of current legislative and regulatory documents concerning the selection and appointment of museum leadership in Kazakhstan and offers recommendations for optimizing this process.

Materials and methods of research. The data used includes concept proposals from candidates for museum director positions, publications on museum management, materials from official museum websites, legal documents related to Kazakhstan's cultural policies, and information about museum leaders' activities published in the mass media. Research methods include observation and comparative analysis.

Keywords: museums of Kazakhstan, museum, museum management, governance, board of trustees, concept competition, museum director.

For citation: N. Zholbarys. Foreign experience of appointing museum heads // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 109-117. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.13

Кіріспе. Музейлердің үздіксіз дамып, заманауи музей ретінде қызмет етуі үшін басшы лауазымындағы кадрларға зор жауапкершілік жүктеледі. ХХІ ғасырдағы музейдің басшысы потенциалы жоғары тұлға болуы тиіс. Музей басшыларына қойылатын салалық жоғары білім мен ұзақ жылдар бойғы еңбек өтілі, тиісті заңнаманы білу сияқты қалыптасқан талаптарға бүгінгі уақытта ғылыми әлеуеті зор, жаңа технологияларды меңгерген, шет тілін білетін, заманауи менеджмент негіздерін тәжірибеде қолдана алатын болуы керек деген талаптар қосылды. Мұндай жаңа талаптар музей басшысының «портретін» де өзгертеді. Бұл тақырып - Қазақстан музейлері үшін де өзекті. Аталған мәселенің шешімдерінің бірі ретінде Батыс Еуропа елдерінде кеңінен қолданысқа енгізілген және Өзбекстан мен Ресей тәрізді мемлекеттерде қолға алына бастаған музей басшыларын концепциялар конкурсы арқылы тағайындау тәжірибесін Қазақстан музейлеріне басшы кадрларды тағайындағанда қолдануға болады.

Музейді басқарушы кадрларды концепциялар конкурсы арқылы іріктеу және тағайындау – заманауи менеджмент талабы.

Нәтижелер және талқылау. Музейді басқарушы кадрлар тақырыбы ИСОМ-ның (Халықаралық музейлер комитеті – ауд.) музей мамандарына арнап шығарған «Музейді басқару: практикалық нұсқаулық» атты жинағындағы Гари Эдсонның мақаласында жан-жақты қарастырылған. Ол «Музейді басқару» атты мақаласында Рэймонд Белбиннің еңбектеріне сүйене отырып, директорлардың басқару стильдерін дәстүрлі және заманауи деп екіге бөліп көрсетеді (1-кесте) [ИСОМ, 2004: 133-145].

1-кесте. Мекеме басшыларының басқару стильдері. Рэймонд Белбиннің еңбектеріне сүйеніп, Гари Эдсон жасаған.

Дәстүрлі: «жеке көшбасшы»	Заманауи: «командалық көшбасшы»
Еркіндігі шексіз. Барлық іске араласады.	Өзінің басқарушылық рөлін шектейді: рөлдерді ұжым арасында бөледі.
Барлығын өзіне бағынышты етуге тырысады: ұжымды идеяларымен келісуге және оны қабылдауға міндеттейді.	Жұмысты персоналдың түрлігіне қарай бөледі: позитивті түрде бағалайды және осыдан ұйымның күшін көре алады.
Айналасына өзіне жағымды қызметкерлерді жинайды. Жаңа идея айтушыларды қабылдай алмайды.	Белсенді түрде талантты адамдарды іздейді: ерекше мүмкіндігі бар адамдардан қорықпайды.
Барлық қызметкерге өзіне тәуелді адам тәрізді қарайды.	Негізгі мәселе команданы дамыту мен алға жылжыту екенін түсінеді: әріптестерінің мықты жақтарын бағалайды.
Кім не істейтінін және қалай істейтінін анықтап көрсетеді.	Ұйымның миссиясын түсіндіруді қамтамасыз етеді.

Команда көшбасшысы бола білетін музейдің басқарушы кадрларын тағайындау қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселені музей ісі дамыған елдерде қалай шешеді? Қазақстанмен көрші елдердің бұл жағдайда қандай тәжірибесі бар? Озық тәжірибені енгізу үшін қандай қадамдар жасауымыз керек? Аталған сауалдардың жауабын

Батыс Еуропа елдері мен көршілес Өзбекстан, Ресей тәрізді мемлекеттердің музейлерінен іздеуге болады.

Музей ісі озық дамыған елдерде музей басшысын *концепциялар конкурсы* арқылы іріктеу әлемнің бірнеше елінде қолға алынған.

Мысалы, Батыс Еуропаның бірнеше музейінде басшылар Қамқоршылық кеңестер арқылы тағайындалады. Оған Британ музейінің ұзақ жылдар бойғы тәжірибесі мысал бола алады. Британ музейі туралы 1963 жылғы заңға және Ұлыбританияның Музейлер мен галереялар туралы 1992 жылғы заңына сәйкес, музей жанынан Қамқоршылық кеңесі құрылған. Қамқоршылық кеңес 25 адамнан тұрады. Кеңес құрамы король сарайы тағайындаған 1 адам, атқарушы үкіметтің ұсынуымен 15 адам, мемлекеттік хатшылықтың ұсынуымен 4 адам, және 5 адам кеңес мүшелерінің ұсынуымен бекітіледі [БМ ресми сайты, 2025: britishmuseum.org; 28.03.2025]. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің мамандығы әртүрлі, мысалы, олардың арасында банкир, заңгер, журналист, педагог және т.б деп мамандық иелері бар. Британ музейінің Қамқоршылық кеңесін басқару немесе оның құрамында болу – британдықтар үшін зор мәртебе. Музейдің Қамқоршылық кеңесін басқаруға 2021 жылғы күзде кіріскен Джордж Осборн «Британ музейінің командасына қосылғанымға қуаныштымын. Кеңес құрамында болуға өтінім беріп, оның құрамына кіріп және оны басқару мен үшін – абырой» деген сөзі осыны айғақтайды [ZM сайты, 2025: <https://zimamagazine.com/2021/06/byvshij-kancler-dzhordzh-osborn-vozglavit-popechitelskij-sovet-britanskogo-muzeya/> 24.03.2025]. Бұрын бизнес саласында аukatты кәсіпкер ретінде танылып, үкімет құрамында Ұлыбританияның Қазынашылық канцлері болған лауазымды тұлғаның Британ музейінің Қамқоршылық кеңесін басқаруы музей үшін табысты болары сөзсіз.

Дәл осындай қамқоршылық кеңес Виктория мен Альберт музейінде де құрылған. Мұндай тәжірибе АҚШ-та және Еуропаның басқа елдері Италия, Испанияда және Катар, Біріккен Араб әмірліктерінде кеңінен тараған. Бұл елдердің музей ісіндегі қамқоршылық кеңестерінің Британ музейіндегі қамқоршылық кеңестен құрамындағы кеңес мүшесінің саны немесе оның кеңеске мүше болу тәртібі арқылы ғана ерекшеленеді.

Музей ісіндегі қамқоршылық кеңестердің негізгі миссиясы бір. Олар музейлерге инвестиция тартумен, музей басшылығының қызметін (есеп алу арқылы) және музейдің стратегиялық жоспарының жүзеге асу деңгейін қадағалаумен айналысады.

Қамқоршылық кеңестері құқықтық статуска ие Батыс Еуропа елдерінің музейлеріндегі қамқоршылық кеңестердің негізгі қызметінің бірі – музейді басқарушы лауазымды тұлғаны ашық немесе жабық дауыс беру арқылы таңдау және тағайындау. Музейді басқаруға ниетті үміткерлер музейлердің қамқоршылық кеңестерінде музейді дамытудың белгілі бір мерзімге арналған концепциясын ұсынады. Қамқоршылық кеңестің оң қорытындысына ие болған концепцияның авторы-үміткер белгілі бір мерзімге музей басшысы ретінде тағайындалады. Әдетте бұл мерзім 4-5 жылдан аспайды.

Батыс Еуропада басталған бұл тәжірибе Қазақстанмен шекаралас Өзбекстан Республикасы мен Ресей Федерациясының тәжірибесіне де енгізілді. Екі мемлекетте де өткізілген концепциялар конкурсы ұйымдастырылуы жағынан ұқсас, тек конкурс географиясы тұрғысынан ғана өзгеше болды.

Аталған екі елдің музейді дамытудың ұзақ мерзімді концепцияларына арналған конкурсы Батыс Еуропа елдерінің музейлерімен салыстырғанда ерекшеленеді. Батыс Еуропа елдерінде концепцияны қамқоршылық кеңестер қарастыратын болса, Өзбекстан мен Ресейде мәдениет саласындағы уәкілетті органдар қарастырады.

Музейді дамытуға арналған концепциялар конкурсы заманауи музей менеджментінде өте маңызды. Бұл тәжірибеде музей директорының бос лауазым орнына емес, музейдің жаңа концепциясы үшін конкурс жарияланады. Концепция арқылы музей құрылтайшысы (қамқоршылық кеңестер, уәкілетті органдар) музейдің алдағы төрт немесе

бес жылға дейінгі даму стратегиясын көре алады. Яғни, музейді басқаруға үміткерлер музейдің 4 немесе 5 жылға дейінгі даму концепциясын әзірлеп, құрылтайшыға ұсынады.

Музейді дамытуға арналған концепциялар конкурсының бірі Ресей Федерациясында «А. В. Щусев атындағы архитектура музейінің жаңа концепциясының конкурсы» деген атаумен өтті [РФ Мәдениет министрлігінің сайты, 2025: <https://culture.gov.ru/press/news/v-minkultury-proshla-prezentatsiya-kontsepsiy-raz/> 11.02.2025]. Концепциялар конкурсы 2016 жылғы желтоқсанда басталып, үміткерлер бір ай мерзім ішінде құжаттарын тапсырды. Жинақталған құжаттар интернет ресурстарында жарияланып, 7 үміткердің ұсынған концепциялары қоғамдық талқылауға шығарылды. Қоғамдық талқылауға тарихшылар, музейтанушылар, өнертанушылар және музейдің бейіне сай келетіндіктен архитекторлар қатысты. Талқылау үш айға созылып, комиссия отырысына ұсынымдар берілді. Комиссия отырысы интернет коммуникациялар арқылы тікелей эфирде көрсетіліп, конкурстың ашықтығы қамтамасыз етілді. Комиссияға 7 үміткердің құжаттарымен бірге қоғамдық талқылаудың қорытынды пікірлері ұсынылды. Концепциялар конкурсының жеңімпазы ашық дауыс беру арқылы анықталды. Нәтижесінде А.В.Щусев атындағы архитектура музейінің аға ғылыми қызметкері – үміткер Елизавета Лихачева ұсынған концепция үздік деп танылды. Конкурстық комиссия оны 1 жыл сынақ мерзімімен 4 жылға директор етіп тағайындады. Е.Лихачева ұсынған концепцияда музейдің дәстүрлі жұмыстарына өзгерістер енгізу көзделген. Олардың қатарында музейдің ғылыми қызметіне жаңа талап қою, көрме қызметінің концепциясын қайта қарау, штат кестелеріне өзгерістер енгізу бар. Қазіргі заманауи тәжірибелердің ішінен музей кеңесін құру, қаржыландыру көздерін өзгерту, музейді қала кеңістігіндегі форумға айналдыру тәрізді мақсат та Е.Лихачеваның концепциясында көрініс тапқан [Интерфакс сайты, 2025: <https://www.interfax.ru/culture/554765/> 11.02.2025].

Концепциялар конкурсы Ресей Федерациясының өзге музейлерінде де жүзеге асырылды. Ол музейлердің қатарында Мәскеу академиялық театрының музейі, И.С.Тургенов музей-қорығы, Ресей этнографиялық музейі бар.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында Ресейден кейін бұл тәжірибені Өзбекстан Республикасы енгізді. Өзбекстандағы концепциялар конкурсы Қарақалпақстан астанасы Нүкісте орналасқан «И. В. Савицкий атындағы Өнер музейінің басшысы лауазымына арналған халықаралық конкурс» деген атаумен өтті [Өзбекстан Республикасының Мәдениет және өнерді дамыту қорының сайты, 2025: <https://old.acdf.uz/oz/news/obyavlen-mezhdunarodnyy-konkurs-na-dolzhnost-direktora-muzeya-im-ivsavickogo/> 12.02.2025].

И. В. Савицкий атындағы Өнер музейі көпшілікке «Шөлдегі Лувр» деген атпен танымал. Ұлыбританияның The Guardian газеті «әлемнің ең керемет музейлерінің бірі» деп атаған бұл музейдің қорында 90 мыңдай көркемөнер туындысы бар [«Вести Узбекистана» сайты, 2025: <https://vesti.uz/the-telegraph-3-10/> 14.02.2025]. Өзбекстан мәдениетінің мақтанышына айналған, Орталық Азияға беттеген туристердің міндетті түрде баратын музейлерінің бірі ретінде танымал болған өнер орталығын басқаруды музей ісінің білікті маманына тапсыруды мақсат еткен өзбек билігі 2019 жылы халықаралық деңгейдегі конкурс жариялады. Конкурс талаптарында сұратылған құжаттар тізбесінде аталған лауазымды неліктен таңдағанын түсіндіретін хат, музейді дамытуға арналған мақсаты мен міндеті туралы хат және музейді дамыту туралы арнайы жоба талап етілген. Музейді дамытуға арналған жобаның бөлімдері музейге келушілерді тарту, қор сақтау жұмысын дамыту және халықаралық байланыс тәрізді үш тараудан тұруы керектігі де көрсетілген [Өзбекстан Республикасының Мәдениет және өнерді дамыту қорының сайты, 2025: <https://old.acdf.uz/oz/news/obyavlen-mezhdunarodnyy-konkurs-na-dolzhnost-direktora-muzeya-im-ivsavickogo/> 12.02.2025].

Ресей мен Өзбекстанда өткен концепциялар конкурстары мазмұны жағынан бірдей болғанымен, конкурстың географиясында өзгешеліктер болды. Ресей Федерациясы

концепциялар конкурсын федеральдық деңгейде өткізсе, Өзбекстан Республикасы конкурсты халықаралық деңгейде жариялады. Сөйтіп Өзбекстандағы конкурстың географиясы ауқымды болды. Қазақстан, Германия, Ресей және Өзбекстанның өз азаматтары да қатысты. Конкурс туралы хабарландыру жариялау, құжат қабылдау, концепцияларды ашық қорғау, жеңімпаздарды жариялау тәрізді кезеңдерден тұрған концепциялар конкурсында ресейлік археолог, өнер тарихшысы Тигран Мкртычев жеңімпаз деп танылды.

Т. Мкртычев 2021 жылғы қаңтарда И. В. Савицкий атындағы Өнер музейін басқаруға кірісіп, 2024 жылғы желтоқсанда қызметін аяқтады. Осы аралықта «музейге келушілер саны артқан, музей бюджеті ақылы қызметтер есебінен толығы түскен, кәдесый өнімдерін шығару жолға қойылған» [«Газета.Уз» сайты, 2025: <https://www.gazeta.uz/ru/2025/01/21/nukus-museum/> 24.02.2025].

Өзбекстан музей ісінің тарихында алғаш рет басшылық лауазымға ие болған шетелдік басшының ұжыммен бірге жеткен жетістіктерінің қатарында И.В.Савицкий атындағы Өнер музейінің халықаралық деңгейдегі көрмелері де бар. Аталған музейдің қорындағы өнер туындылары Әзербайжан, Ресей, Франция, Италия елдерінде өткен көрмелерге қойылды.

Ресей Федерациясы мен Өзбекстан Республикасының бұл тәжірибесін Қазақстан музейлеріне басшылық кадрларды тағайындау кезінде қолдануға болады. Музей басшысын концепциялар конкурсы негізінде тағайындау конкурстың қоғам алдындағы ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, музейдің кәсіби қауымдастықтағы рөлі қандай болатынын және мәдени институт ретіндегі қызметінің негізгі даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Отандық мәдениет саласындағы және еңбек қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қарастырғанда музей басшысын концепциялар конкурсы негізінде тағайындауға тиым салатын құжаттар кездеспейді. Керсінше, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді толықтыру арқылы заманауи менеджментті енгізуге мүмкіндігі бар екені байқалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысының блоктар бойынша сыныптамасында республикалық, облыстық, қалалық және аудандық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын басшыларын «А1» тобына жатқызады. Қазақстандағы музейлердің басшылары осы «А1» тобына жататын азаматтық қызметшілер болып саналады [«Әділет» базасы, 2025: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193/> 06.03.2025]. Ал Қазақстан музейлеріне басшылар азаматтық қызметші ретінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 1017 бұйрығына [«Әділет» базасы, 2025: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012696 /](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012696/) 06.03.2025] және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» № 70 бұйрығына сәйкес конкурспен тағайындалады [«Әділет» базасы, 2025: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010379 /](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010379/) 06.03.2025].

Мәдениет саласындағы уәкілетті орган бос лауазым орнына конкурс ұйымдастыру (өткізу) кезінде үміткерден конкурсқа қатысу туралы өтініш, түйіндеме, өмірбаян, білімі туралы құжат, еңбек өтілін растайтын құжат, денсаулық жағдайы туралы анықтама, жеке куәлік көшірмесі, сыбайлас жемқорлық жасамағаны туралы анықтаманы талап етеді [ҚР МжАМ ресми сайты, 2025:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/752384?lang=kk> / 10.03.2025]. Осы аталған міндетті құжаттардың қатарына музейді дамытуға арналған концепцияны қосу – заман талабы. Музейді дамытуға арналған концепция халықаралық тәжірибе көрсеткендей 4 немесе 5 жылға арнауы тиіс. Мұндай талап музейлерді басқаруға біліктілігі жоғары кадрларды тартуға мүмкіндік жасайды және бұл қадам отандық музей ісінің дамуына жаңа леп әкелері сөзсіз.

Үміткерлерден музейді дамытуға арналған концепцияны талап ету қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді немесе жаңа ереже шығару тәрізді құқықтық сұрақтарды туындатуы мүмкін. Бірақ бұл экономиканың нақты секторы – мәдениет саласының дамуына оң ықпал ететін қадам. Бұл талапты енгізу қосымша қаржы шығындары мен өзге де ресурстарды қажет етпейді. Сонымен қатар өзге де нормативтік-құқықтық актілерге кереғар болмайды.

Қорытынды. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы отандық музейлерге жаңа міндет жүктеп отыр. Тұжырымдамада көрсетілген музейге келушілер санын арттырудан бастап, музей заттарын кеңінен насихаттау, музей кеңістігін тиімді пайдалану тәрізді міндеттерді жүзеге асыру үшін музейге заманауи басшы – көшбасшы қажет. Дәстүрлі түрде қалыптасқан бос лауазым орнына жариялайтын конкурстардың ережесіне өзгеріс енгізу арқылы музей менеджментін жаңа сатыға көтеру болады.

ӘДЕБИЕТ

Access to information about the British Museum [Электронды ресурс] Британ музейінің ресми сайты. 2025. Лондон. Қолжетімді режим: britishmuseum.org (қаралған күні: 10 наурыз, 2025).

I.V. Saviskiy nomidagi Davlat san'at muzey direktori lavozimiga Xalqaro tanlov e'lon qilinmoqda [Электронды ресурс] Өзбекстан Республикасының Мәдениет және өнерді дамыту қорының сайты. Ташкент. 2025. Қолжетімді режим: <https://old.acdf.uz/oz/news/obyavlen-mezhdunarodnyy-konkurs-na-dolzhdnost-direktora-muzeya-im-ivsavickogo> (қаралған күні: 02 ақпан, 2025).

Бывший канцлер Джордж Осборн возглавит попечительский совет Британского музея [Электронды ресурс] ZM сайты. Лондон. 2025. Қолжетімді режим: <https://zimamagazine.com/2021/06/byvshij-kancler-dzhordzh-osborn-vozglavit-popechitelskij-sovet-britanskogo-muzeya/> (қаралған күні: 10 наурыз, 2025).

В Минкультуры прошла презентация концепций развития Музей архитектуры имени Щусева [Электронды ресурс] РФ Мәдениет министрлігінің сайты. Мәскеу. 2025. Қолжетімді режим: <https://culture.gov.ru/press/news/v-minkultury-proshla-prezentatsiya-kontseptsiy-raz/> (қаралған күні: 16 ақпан, 2025).

Директором музея архитектуры им. Щусева назначена Елизавета Лихачева [Электронды ресурс] Интерфакс сайты. Мәскеу. 2025. Қолжетімді режим: <https://www.interfax.ru/culture/554765> (қаралған күні: 16 ақпан, 2025).

Музей Савицкого – на 3 месте в топ-10 удивительных путешествий [Электронды ресурс] «Вести Узбекистана» сайты. Ташкент. 2025. Қолжетімді режим: <https://vesti.uz/the-telegraph-3-10/> (қаралған күні: 09 ақпан, 2025).

Нукусский музей не случайный этап в моей жизни. Тигран Мкртычев – о работе в музее Савицкого [Электронды ресурс] «Газета.Уз» сайты. Ташкент. 2025. Қолжетімді режим: <https://www.gazeta.uz/ru/2025/01/21/nukus-museum/> (қаралған күні: 21 ақпан, 2025).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысы [Электронды режим] «Әділет» базасы. Астана. 2025. Қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193> (қаралған күні: 03 наурыз, 2025).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 1017 бұйрығы [Электронды режим] «Әділет» базасы. Астана. 2025. Қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012696> (қаралған күні: 03 наурыз, 2025).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» № 70 бұйрығы [Электронды режим] «Әділет» базасы. Астана. 2025. Қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010379> (қаралған күні: 12 наурыз, 2025).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрілігінің Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына байқау жариялайды [Электронды режим] ҚР Мәдениет және ақпарат министрілігінің ресми сайты. Астана. 2025. Қолжетімді режим: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/752384?lang=kk> (қаралған күні: 03 наурыз, 2025).

Управление музеем: практическое руководство / ICOM. Париж, 2004. 133-145 бб.

REFERENCES

Access to information about the British Museum [Elektronnyy resurs] Britan muzeiniñ resmi saity. London. 2025. Kholzhetimdi rezhim: britishmuseum.org (qaralğan kuni: 10 nauryz, 2025). (In Kazakh)

Savickiy I.V. nomidagi Davlat san'at muzey direktori lavozimiga Xalqaro tanlov e'lon qilinmoqda [Elektronnyy resurs] Özbekstan Respublikasynyñ Mädeniet jäne önerdi damytu qorynyñ saity. Taşkent. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://old.acdf.uz/oz/news/obyavlen-mezhdunarodnyy-konkurs-na-dolznost-direktora-muzeya-im-ivsavickogo> (kharalğan kuni: 10 aqpan, 2025). (In Uzbek)

Byvshi kansler Jorj Osborn vozglavit popechitelski sovet Britanskogo muzeia [Elektronnyy resurs] ZM saity. London. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://zimamagazine.com/2021/06/byvshij-kancler-dzhordzh-osborn-vozglavit-popechitelskij-sovet-britanskogo-muzeya/> (kharalğan kuni: 10 nauryz, 2025). (In Russian)

V Minkultury proshla prezentacia koncepcii razvitiya Muzei arhitektury imeni Shuseva [Elektronnyy resurs] RF Madeniet ministrlygynyñ saity. Maskeu. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://culture.gov.ru/press/news/v-minkultury-proshla-prezentatsiya-kontseptsiy-raz/> (kharalğan kuni: 16 aqpan, 2025). (In Russian)

Direktorom muzeia arhitektury im. Shuseva naznachena Elizaveta Lihacheva [Elektronnyy resurs] İnterfaks saity. Maskeu. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://www.interfax.ru/culture/554765> (kharalğan kuni: 16 aqpan, 2025). (In Russian)

Muzei Savickogo – na 3 meste v top-10 udivitelnyh puteshestvi [Elektronnyy resurs] «Vesti Uzbekistana» saity. Taşkent. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://vesti.uz/the-telegraph-3-10/> (kharalğan kuni: 09 aqpan, 2025). (In Russian)

Nukuski muzei ne sluchainyi etap v moei zhizni. Tigran Mkrtuchev – rabote v muzee Savickogo [Elektronnyy resurs] «Gazeta.Uz» saity. Tashkent. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://www.gazeta.uz/ru/2025/01/21/nukus-museum/> (kharalğan kuni: 21 aqpan, 2025). (In Russian)

Khazakhstan Respublikasy Ukımetinin 2015 zhylygy 31 zheltoksandagy «Azamattykh khyzmetshilerge, memlekettik budzhet kharazhaty esebinen ustalatyn uiymdardyn khyzmetkerlerine, khazynalykh kasıporındardyn khyzmetkerlerine enbekakhy toleu zhuiesi turaly» № 1193 qaulysy [Elektronnyy rejim] «Adilet» bazasy. Aстана. 2025. Kholzhetimdi

rezhim: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193> (kharalghan kuni: 03 nauryz, 2025). (In Kazakh)

Khazakhstan Respublikasy Densaulykx sakhtau zhane aleumettik damu ministrinin 2015 zhylygy 25 zheltokhsandagy «Memlekettik bilim beru uiymynyn birinshi basshysy men pedagogin khospaganda, azamattykh khyzmetke kiru zhane azamattykh khyzmetshinin bos lauazymyna ornalasuga konkurs otkizu khagidalaryn bekitu turaly» № 1017 būiryǵy [Elektrondy rejim] «Adilet» bazasy. Astana. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012696> (kharalghan kuni: 03 nauryz, 2025). (In Kazakh)

Khazakhstan Respublikasy Ultykh ekonomika ministrinin 2015 zhylygy 2 akhpanydgy «Memlekettik kasiporynnyn basshysyn tagaiyndau zhane atestattau zhurgizu, sondai-ak onyn kandidaturasyn kelisu khagidalaryn bekitu turaly» № 70 buirygy [Elektrondy rejim] «Adilet» bazasy. Astana. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010379> (kharalghan kuni: 12 nauryz, 2025). (In Kazakh)

Khazakhstan Respublikasy Madeniet zhane akhparat ministirliginin Madeniet komitetinin «Khazakhstan Respublikasynyn Ultykh muzeii» respublikalykh memlekettik khazynalykh kasiporny direktorynyn bos lauazymyna baikhau zhariialaidy [Elektrondy rejim] «Khazakhstan Respublikasy Madeniet zhane akhparat ministriginin resmi saity». Astana. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/752384?lang=kk> (kharalghan kuni: 03 nauryz, 2025). (In Kazakh)

«Upravlenie muzeem: prakticheskoe rukovodstvo» / ICOM. Parizh. 2004. pp. 133-145. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Жолбарыс Нұрсерік – ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің ғылыми қызметкері, музейтанушы (050051 Алматы қаласы, Самал-1, 44, Қазақстан). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Сведения об авторе: Жолбарыс Нурсерик – научный сотрудник Центрального государственного музея Республики Казахстан, музеолог (050051 г. Алматы, Самал-1, 44, Казахстан). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Information about the author: Zholbarys Nurserik – research worker of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, museologist (050051 Almaty, Samal-1, 44, Kazakhstan). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.03.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.03.2025.